

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
КРИМИНОЛОГИЯ
УГОЛОВНОЕ ПРАВО
КРИМИНОЛОГИЯ
CRIMINAL LAW
CRIMINOLOGY**

МРНТИ 10.77.35

УДК 343. 241

А.Р.Бижанова¹, Г.Ж.Османова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**ЗАҢДА КӨЗДЕЛГЕН ЖАЗАДАН ГӨРІ НЕҒҰРЛЫМ ЖЕҢІЛ ЖАЗА
ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Андатпа

Қылмыстық саясатты трансформациялау жағдайында қылмыстық заңнаманы ізгілендіру басты бағыттардың бірі саналады. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау арқылы сот қылмыстық жазаны жеңілдете алады. Ал ҚР ҚК-нің 55-бабында жеңілдететін мән-жайлар жазаны жеңілдетудің барлық нысандары үшін қажетті элемент.

2014 жылғы қылмыстық заңнамада осы жеңілдететін мән-жайлардың жазаға әсері мен заңда көзделгеннен гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау ережелерін бір нормаға біріктіре отырып, ықпал ету дәрежелерінің іркелкі екендігін ажыратпайды. Ал бұл қарама-қайшылықтар құқық қолдану тәжірибесінде едәуір қиындықтар тудыратыны анық.

Автор мақалада белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау мүмкіндігін көздейтін ҚР ҚК заң ережелерін қолдану проблемасын қарастыру барысында жеңілдететін мән-жайлар мен ерекше мән-жайлардың жазаны жеңілдетуге ықпалы ету дәрежесі айқындауға тырысады.

Түйін сөздер: жаза, жазаны жеңілдету, жаза тағайындау, заңда көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, ерекше мән-жайлар, жеңілдететін мән-жайлар.

А.Р.Бижанова¹, Г.Ж.Османова¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**ОСОБЕННОСТИ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ НАЗНАЧЕНИЯ БОЛЕЕ
МЯГКОГО НАКАЗАНИЯ, ЧЕМ ПРЕДУСМОТРЕНО ЗАКОНОМ**

Аннотация

В условиях трансформации уголовной политики одним из главных направлений является гуманизация уголовного законодательства.

Для смягчения наказания при назначении более мягкого наказания, чем предусмотрено в правоприменительной практике за конкретное уголовное правонарушение, за основу берутся смягчающие обстоятельства, предусмотренные статьей 55 УК РК, являющиеся необходимым элементом для всех форм смягчения наказания.

В уголовном законодательстве 2014 года законодатель объединяет в одну норму правила назначения более мягкого наказания, чем предусмотрено законом, и правила воздействия на наказание смягчающих наказание обстоятельств без учета их правовой природы, степени воздействия на наказание. А эти противоречия создают значительные трудности в правоприменительной практике.

В статье автор, рассматривая вопрос о применении правил назначения более мягкого наказания, чем предусмотрено за конкретное уголовное правонарушение, пытается определить степень влияния смягчающих обстоятельств и особых обстоятельств на наказание.

Ключевые слова: наказание, смягчение наказания, назначение наказания, назначение более мягкого наказания, чем предусмотрено в законе, особые обстоятельства, смягчающие обстоятельства.

A.R. Bizhanova¹, G.Zh. Osmanova¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

FEATURES OF THE LEGAL REGULATION OF THE APPOINTMENT OF A Milder PUNISHMENT THAN PROVIDED FOR BY LAW

Abstract

In the context of the transformation of criminal policy, one of the main directions is the humanization of criminal legislation. In order to mitigate the punishment when imposing a milder punishment than is provided for in law enforcement practice for a specific criminal offense, the mitigating circumstances provided for in Article 55 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, which are a necessary element for all forms of mitigation of punishment, are taken as a basis.

In the criminal legislation of 2014, the legislator combines into one rule the rules for assigning a milder punishment than provided for by law, and the rules for the impact on punishment of mitigating circumstances, without taking into account their legal nature, the degree of impact on punishment. And these contradictions create significant difficulties in law enforcement practice.

In the article, the author, considering the issue of applying the rules for assigning a milder punishment than is provided for a specific criminal offense, tries to determine the degree of influence of mitigating circumstances and special circumstances on punishment.

Keywords: punishment, mitigation of punishment, imposition of punishment, imposition of a milder punishment than provided for in the law, special circumstances, mitigating circumstances.

Кіріспе

Сот жаза тағайындаудың жалпы ережелеріне сай, қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын, сондай-ақ кінәлінің жеке жасын ескере отырып, қылмыстық ықпал ету шараларын белгілейді. Сот жаза белгілеу барысында сотталушының түзелу мүмкіндігін, отбасының өмір сүру жағдайын ескереді. Десе де әруақытта заңмен белгіленген жаза мақсатына іс-тәжірибеде қолжеткізіле бермейді.

Сотталған тұлғаға көзделген жазадан да жеңіл жаза таңдау мүмкіндігі және оның ерекше тәртібі заңның шегінде іске асырылады. Мұнда, заң шығарушы қылмыстық норма санкциясының төменгі шегінен шығу мүмкіндігін де қарастырған. Бірақ ерекше мән-жайлардың формуласының қылмыстық заңда нақтыланбауы, тіпті жеңілдететін мән-жайлардың заңмен көрсетілмеген тізімдерін қолдану мүмкіндігінің болуы, сонымен қатар бұл жеңілдететін жағдайлардың нақты сол жағдайда іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін едәуір төмендететіні, ҚР ҚК-нің 55-бабын қолдануға негіз болу себептерінің түсіндірілмеуі сот тәжірибесінде жиі қиындықтар тудырады.

Осы аталғандар зерттеу сұрағының өзектілігін растайды.

Талқылау

Өзге елдер сынды қазақстандық қылмыстық заңнама ізгілікшілік қағидасына сай жазаның жеңілдетілу жағдайын қарастырады. Қылмыстық кодексте жазаны жеңілдету мәселесіне бірқатар нормалар арналған.

Талқылауды бастамас бұрын «жеңіл жаза», «неғұрлым жеңіл жаза» дегенге тоқталып кетсек. Әдетте, жеңіл жаза деп жазаның шегін төмендетуін және жаза түрін жеңілге

ауыстыруды түсінеміз. Ал В.М. Степашин болса, өз еңбегінде неғұрлым жеңіл деп қылмыстық заңмен мыналарды айтады, деп келтіреді:

- кез-келген жаза санкциясында көрсетілген мерзімді (мөлшерді) төмендету, неғұрлым жеңіл немесе қаталын қоса алғанда, сонымен қатар осы жаза шектерінің бір уақытта түрлі векторда (түрлі бағытта) өзгеруі;

- санкцияға неғұрлым жеңіл баламалы жаза түрін енгізу;
- санкциядан неғұрлым қатал жазаны немесе қосымша жазаны алып тастау;
- неғұрлым жеңіл жаза түрімен алмастыру немесе міндетті қосымша жазаны алып тастау;
- жеңілдіктері бар жаза тағайындау ережелерін енгізу [1, 6 б.].

Жазаны жеңілдететін мән-жайлардың құқықтық негізі болып ҚР ҚК-нің 53-бабы танылады. Жеңілдететін болып келесі мән-жайларды атаймыз: 1) жасалған іс-әрекетті саралауға ықпал етпейді; 2) қылмыстық іс-әрекет пен кінәлінің жеке басының қоғамға қауіптілік деңгейін төмендетеді.

1997 жылғы ҚК-тің 53-бабының 1-бөлігі - жеңілдететін мән-жайлардың тізіміне, 2-6-бөліктері жеңілдететін мән-жайлардың жаза тағайындауға ықпалы мәселесіне арналды [2]. Бұл норманың 2-6-бөліктері 2014 ж. ҚК-те 55-бапқа орнықты. Яғни 2014 жылғы қолданыстағы ҚК-те жеңілдететін мән-жайлар бойынша жазаны тағайындаудың ережелері «бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау» деп аталатын ҚР ҚК-нің 55-бабының 1,2,3-бөліктерінде қаралатын болды. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың 55-бабы жайлы А.Ә. Биебаева былай деп келтіреді: Нормада өзінің құқықтық табиғаты бойынша екі түрлі ережелер біріктірілген: жеңілдетуші мән-жайлардың жазаға әсерінің күшін (шамасын) нақтылайтын ережелер (ҚР ҚК 55-бап. 1,2 және 3-бөл.); санкцияда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау тәртібін бекітетін ережелер (ҚР ҚК 55-бап. 4 және 6-бөл.) [3, 97 б.].

Әдетте, жазаны жеңілдетуге ерекше немесе бірнеше мән-жайлар негіз болады. Жазаны жеңілдету нысандарының қатарында белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау да бар.

Іс-тәжірибеде қылмыстық заңнаманы қолдану барысында «көзделген жазадан төмен жаза» деп нені түсінеміз, сондай-ақ қаншалықты төмендетуге болады, санкцияда көрсетілген деңгейде ма, әлде санкциядағы көрсетілген шектен де төмен ба? деген сауалдар жиі туындайды. Бұл аталған екі жағдай ҚК-тің 55-бабымен қамтылған және ҚК-тің 53,55-баптарына қатысты жоғарыда аталған жаңарумен байланысты.

ҚР ҚК-тің 55-бабының 1-бөлігінде жеңілдететін мән-жайлар бойынша жазаны тағайындау мәселесі қаралады. Мұнда, мүліктік залалдың өз еркімен өтелуі, моральдық және өзге зиянды қалпына келтірілуі жеңілдететін мән-жайларға жатса [4], ал бас бостандығынан айырудан гөрі онша қатаң емес жазаның негізгі түрі көзделсе, бас бостандығынан айыру жазасының тағайындалмауы алғышарт болмақ.

Отандық заңнамада жеңілдететін мән-жайлар ұғымына заңи түсінік кездеспейді, дегенмен де ол жөнінде ғылыми көзқарастар біршама. Мысалы, С.Г. Арапиди: Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар - бұл қылмыс құрамы белгілерінің қатарына кірмейтін, жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін және қылмыскердің жеке басын сипаттайтын және қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босату немесе оны осындай жауаптылыққа тарту үшін сот төрелігі органдарына істі беру туралы мәселені шешу кезінде, сондай-ақ сот жаза тағайындаудың жалпы ережелеріне сәйкес, кінәліге жазаның нақты түрін, мерзімі мен мөлшерін таңдаған кезде қылмысқа қарсы күресті жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдармен ескерілетін мән-жайлар болып табылады [5, 7 б.], деп келтіреді.

«Ерекше мән-жайлар және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сол сияқты топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдескен кезде сот келесідей шаралардың бірін қолданады:

- ең төменгі шектен төмен жаза тағайындау;

- бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындау,
- міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбау» [4].

Бұл шаралармен жазаның шегі, мөлшері, түрі нақтыланады. Енді оларға жеке тоқталып өтсек.

Ең төменгі шектен төмен жаза тағайындау.

ҚР ҚК-нің 55-бабына сай, *көзделген ең төменгі шектен төмен жаза 2 жағдайда* тағайындалады [4]:

1) Іс-әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, кінәлі адамның рөліне, оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланысты *ерекше мән-жайлар* және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сол сияқты топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдескен кезде;

2) ҚР ҚК-нің 55-бабының 2 және 3 бөліктерінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде. Мұнда, ҚК-тің *2-бөлігінде* - жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген *жеңілдететін мән-жай болған* және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде; ҚК-тің *3-бөлігінде* - жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері бойынша, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін (ҚК-тің 55-б.).

ҚР ҚПК-тің 190-бабы бойынша, «жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері жиналған дәделдемелермен қылмыс фактісі және оны жасаған адам анықталған, оның кінәсін толық мойындайтын, келтірілген шығындардың мөлшерімен (сомасымен) толық келісілген, жәбірленушіге бұл жайында хабарлай отырып, оған бұл шешімнің құқықтық зардаптары түсіндірілген, онша ауыр емес және ауырлығы орташа, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша жүргізіледі» [6].

Яғни, сот көзделген ең төменгі шектен төмен жазаны *ерекше мән-жайлар кездескенде, сондай-ақ жеңілдететін мән-жай бар, бірақ* ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде тағайындай алады екен. Бұл сотқа істе ерекше мән-жайлар болмаған жағдайларда төменгі шектен де төмен жаза тағайындау құқығын береді [3, 97 б.].

Нормативтік құжаттарға анализ жасай отырып, 1999 жылғы 30 сәуірдегі «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында [7] ерекше мән-жайлар ұғымы ашылмай, тек 2015 жылғы Нормативтік қаулыда [8] орын алғанын байқаймыз.

Нормативтік қаулыда: «ҚК-нің 55-бабының 2,3-бөліктері жазаны жеңілдететін дербес негіздер болып табылады және оларды бір уақытта қолдануға жол берілмейді. Бұл нормалардың бәсекелестігі кезінде, ҚК-нің 55-бабының үшінші бөлігі пайдалануға жатады, ал екінші бөлігінің қағидалары ескерілмейді» делінеді [8]. Оның себебі «жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін» болуымен байланысты. Яғни, бір жағдайда - кейбір жеке жеңілдететін мән-жайлар ҚК-тің Ерекше бөлімінің санкциясының шегінде жазаны жеңілдету мүмкіндігіне ие болса, ал келесі бір жағдайда дәл сол мән-жайлар «ерекше» жағдайды құрап, белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға негіз бола алады. Демек, соңғысында жеңілдететін мән-жайлардың өте әсерлі болғандығы соншалықты, соттың тым үлкен кешірім жасауына ықпал етеді екен. Мұндай эмоционалды, психологиялық жағдайдың іс-тәжірибеде қаншалықты ақиқат болатыны, әрине, өз алдына сұрақ.

Жеңілдететін мән-жайлардың сипаты, сондай-ақ оның жиынтығы сотқа оларды ерекше мән-жай ретінде қарауға және кінәліге санкцияда қарастырылғаннан жеңілдеу жазаны тағайындауға мүмкіндік береді [9, 109 б.]. Ерекше мән-жай деп танылуы үшін жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесін төмендете және сотталушының оң әлеуметтік-адамгершілік бейнесін айғақтай алуы маңызды.

2015 жылдың 25 маусымындағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы осы аталғандармен

бірге, өлім жазасын немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға, қылмысты дайындағаны немесе қылмысқа оқталғаны үшін жаза тағайындауда, кәметке толмаған адамға қатысты ерекше мән-жайларды ескеру ерекшеліктерін қарастырды [8].

Ерекше мән-жайларды қолдануға қатысты Ресей авторлары: «Осы норманы қолдану үшін ең алдымен (ҚК-пен көрсетілген немесе көрсетілмеген, жеке-жеке не үйлесімде) барлық заңмен рұқсат етілген мән-жайлардың жиынтығын іздеуді бастап кетуге болмайды. Бұл шын мәнінде істің мән-жайына қарай шешілетін мәселе және ол әрдайым баптың талаптары мен қоғамға қауіптілігін немесе жеке басын ескере отырып шешуді қажет етеді. Сот тәжірибесінде істегі жекеленген мән-жайлар кейде ерекшеге айналып жатады, бұл жағдайда ол іс бойынша анықталған барлық фактілерден бөлек емес, олармен бірге бағалануы шарт», деп келтіреді [10, 120-124 бб.].

А.Е. Куковякиннің пікірі құптауға тұрарлық: ҚК-тің 53-бабындағы әрбір жекеленген мән-жай басқа жеңілдететін мән-жаймен бірге толыққанды «ерекше мән-жайды» құрай алады. Әдетте, сот-тәжірибесінде жәбірленушіге көрсетілген көмек барлық уақытта шынайы бола бермейді. Ал, сот іс бойынша субъектінің медициналық немесе өзге де көмекті көрсету салдарына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жәбірленушіге тікелей осындай көмек көрсетуін ерекше мән-жай ретінде ескергенде, оның шын ниетпен өкінуі фактісі қылмыстық іс-әрекеттің қауіптілік дәрежесін төмендетуге ықпалы артады. Немесе субъектінің қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті түрде өтеуге шамасы келмесе де, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген моральдық және өзге де зиянның орнын толтыруға тырысуы, оның өз айыбын мойындап келуі жеңілірек жаза тағайындауды негіздей түседі.

Отандық қылмыстық заңнама ерекше мән-жайларға кінәлінің қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланыстырады (ҚР ҚК-тің 55-бабының 4-тарм.). Десе де, қылмыс жасалғанға дейінгі кінәліні сипаттайтын жеңілдететін мән-жайларды ерекше мән-жайлардың қатарына жатқызуды ұсынатын көзқарастар бар.

Кейбір жеңілдететін мән-жайлардың ерекше мән-жайлар деп танылу себебін А.Е. Куковякин төмендегідей түсіндірген: а) санкцияда онша қатаң емес жазаның баламасы болмаса; б) белгілі бір санаттағы сотталғандарға қатысты қатаң емес жазаның баламасын қолдануға заңнамамен тыйым болса; в) қолданып отырған баптың санкциясында көрсетілген ең жеңіл жазаны судьяның тағайындауы әділетсіз болып көрінсе [11, 115 б.].

Шетел заңнамаларына, ғылыми еңбектерге баға бере отырып, жеңілдетілген жазаның белгілену тәртібі әркелкі екендігін аңғаруға болады. Мысалы, бірқатар елдерде жеңілдететін мән-жағдайлар бойынша нақты жаза тағайындаудың ережелері Қылмыстық кодексте, ал басқаларында соттың қарауына жатады [12]. Мысалы, Жапон ҚК-де жеңілдететін мән-жайлар бойынша жазаны жеңілдету (12,13 тарау) және заңға сәйкес жазаны күшейту және жеңілдету бар [13]. Беларусь ҚК-де жеңілдететін мән-жайлар болған ретте жаза тағайындау (ҚК-тің 69-бабы) және аталған жаза үшін көзделгеннен жеңіл жаза тағайындау (ҚК-тің 70-бабы) бөлек қарастырылған [14]. Ал отандық заңнамаға сай, жазаны жеңілдету сотқа да тиесілі, әрі заңмен де анықталынады.

Қылмыстық құқық доктриналарда ерекше *мән-жайлар* ұғымына қатысты келесі бағыттарда көзқарастар қалыптасты еді. Ерекше мән-жайлардың тізімі қылмыстық заңнамадағы тізіммен қарастырылмайды, деп кейбір зерттеушілер есептеген [15, 75 б.] Мұндағы, сот практикасында орын алатын қылмыстық заңнамамен қарастырылмаған жеңілдететін мән-жайлардың қатарында қылмыстық іс-әрекетті жас шақта жасау; жұмыс орнынан және оқудан оң мінездеме; бұрынғы оқу орнынан қанағаттанарлық мінездеме; ауыр зардаптардың болмауы; психикалық ауруының болуы; елеусіз мөлшердегі зардаптың болуы; III топ мүгедектіктің болуы; туыстарының қайтыс болуы; қоғамнан оқшауламаумен байланысты емес жазаны таңдауды сұраған жәбірленушінің, еңбек ұжымының пікірлері; сараптамашы-психиатрдың айыпталушының психикалық жағдайы жатады [16]. Келесі бірі болса, мән-жайларды кең мағынада түсінудің нәтижесінде ерекше деп атаған [17, 227 б.]. Үшінші топтағылар,

қылмыстық заңмен қарастырылған және қарастырылмаған, бірақ сот жеңілдететін деп тапқан мән-жайлар ерекше мән-жайларға жатқызылады [18, 131 б.]. Соңғы бағыт қазіргі қылмыстық заңнамаларда орын алып отыр.

Ерекше мән-жайлардың санына қатысты пікірлер кездеседі. Ғалым А.Е. Куковякин, ерекше мән-жайларды қылмыс кезінде және одан кейін қылмыскердің мінез-құлқымен байланысты және осы қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесін едәуір төмендететін РФ Қылмыстық кодексінің 61-бабымен қарастырылған екі немесе одан көп жеңілдететін мән-жайлар, деп таниды [11, 75 бб.].

Жазаны жеңілдету жүйесінің келесі элементі - жазаның шегі. Жазаның шегі заң нормасымен қарастырылған жазаның төменгі шегі, немесе заңмен белгіленген мерзім немесе мөлшер бола алады. Бұл мәселе шетел тәжірибесінде әрқелкі шешіледі. Мысалы, санкциясының төменгі шегінен шығып жаза тағайындау (ТМД, Балтық жағалауы елдері, бұрынғы Югославия, Австрия, Албания, Болгария, Вьетнам, ҚХР, Куба, Польша) және жазаның неғұрлым жеңіл түрін қолдану немесе соттың міндетті қосымша жаза тағайындаудан бас тарту мүмкіндігі (ТМД елдерінде және Латвияда) көзделеді.

Санкцияның төменгі шегінен шығудың өзге жолы ретінде заңда нақты қылмыс үшін тек ең жоғары санкцияны көрсету танылады (Англия, Андорра, Дания, Индия, Ирак, Нидерланды, Норвегия, Республика Корея, Францияда)» [19, 359-361 бб.].

Сот жаза тағайындағанда санкцияның түрін анықтап алған маңызды (тек жоғары шек көрсетілген; төменгі және жоғары шегі көрсетілген). ҚК-тің 55-бабына сай, сот ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындағанда, барлық жағдайда да белгілеген жазаның мөлшері заңмен (ҚК-тің Жалпы бөлімімен) белгіленген осы жаза түрінің ең төменгі мөлшерінен төмен бола алмайды (мысалы, бас бостандығынан айыруда төменгі шек - алты ай). Егер санкцияның өзінде 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру деп көрсетіліп тұрса, мұнда онсыз да санкциямен белгіленген шек – 6 ай болады, яғни санкцияда белгіленген шектен (мөлшер) төмен жаза белгілеу мүмкін емес. Демек, бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тек төменгі және жоғары шегі көрсетілген санкциялар үшін ғана қолдана аламыз деген сөз.

Сондай-ақ кейбір жекеленген жаза түрлерінің мөлшерінің белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы ҚК-тің Жалпы бөлімінде айтылған. Мысалы, «аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, жазаны ауыстыру кезінде айыппұл, түзеу жұмыстарының мөлшері, қоғамдық жұмысқа тарту, бас бостандығын шектеу мерзімі ҚК-тің 41,42,43,44-баптарында белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін. ҚР ҚК-нің 45-бабының 5-бөлігіне сай, жазаны ауыстыру кезінде қамаққа алу мерзімі осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін. Ал, өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін (ҚК-тің 46-б.)» [4].

Яғни, отандық заңнамаға сай, ҚК-тің 55-бабының 4 және 6-бөліктеріндегі шарттар сақталған ретте ҚК-тің 53-бабындағы жеңілдететін мән-жайлардың кез-келгені үшін төменгі шектен төмен жаза тағайындау мүмкіндігі қарастырылады екен. Ал Қытай Қылмыстық кодекстің 19,20,21,22,23,24-баптарында тек нақты жеңілдететін мән-жайлардың түрлері үшін ғана төменгі шектен төмен жаза немесе жеңіл жаза белгіленеді, не жазадан босату белгіленген [20, 22-25 бб.].

Кейде іс-тәжірибеде көзделген төменгі шектен төмен тағайындау жөніндегі норманы қолданғанда қиындықтар туындап отырады. Мысалы, ҚР ҚК-нің 136-бабының 2-бөлігіне (санкцияда 3 жылдан 7 жылға дейін б.б.а. түріндегі жаза көзделген) қатысты жазаның төменгі шегінен шығып, (3 жыл 6 ай - 7 жылдың жартысы) 3 жылдан төмен бостандығынан айыру жазасын тағайындай алмайды. Себебі, ҚК-тің 55-бабының 2-бөлігіне сай, қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде жазаның жоғары шегінің жартысынан аспауы тиіс [4].

Бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындау

Отандық іс тәжірибеде баламалы санкциямен көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрі қалай белгіленеді, деген сауалға «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативті қаулысында төмендегідей жауап берілген: «6. ... ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн. Ал егер ҚР ҚК-нің Жалпы бөлігіндегі ереже бойынша норманың санкциясымен қаралған жаза түрлерінің бірін қолдану мүмкін болмаса, ҚК-тің 55-бабының 4-бөлігіне сүйеніп, ҚК-тің 40 немесе 81-бабындағы жазаның неғұрлым жеңіл түрі белгіленеді. Сот шешімі үкімде уәжденуге тиіс болады», делінеді [8]. Мұнда, заң шығарушы қай жазаның нендей жаза түрімен алмастырылатын жекеленген нормаларда айтылады. Мысалы, ҚК-тің 46, 47-баптары [4].

Ал Болгария ҚК-де нақты жаза түрін басқа жаза түрімен өзгертілу мәселесіне арнайы норма бар. Мысалы, Болгария ҚК-нің 55-бабына сай: Ерекше немесе бірнеше жеңілдететін мән-жайлар кездескен, сондай-ақ заңмен көзделгеннен жеңіл жаза ауырлық дәрежесіне сай болмаса, сот:

2. ...

а) «өмір бойы бас бостандығынан айыруды – он бестен жиырма жылға дейін бас бостандығынан айыруға;

б) төменгі шегі заңмен көрсетілмеген бас бостандығынан айыруды - түзеу жұмыстарына немесе елуден мыңға дейінгі лев мөлшеріндегі айыппұлға, ал кәмелетке толмағандарға – қоғамдық айыптауға;

в) түзеу жұмыстары және міндетті қоныс аударуды – елуден бес жүз левке дейін айыппұл салуға алмастырады» [21].

Міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбау.

ҚР ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігінде белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындаудың шарттары жоғарыда қарастырып кеткен екі жолымен қатар міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауға да ортақ. Яғни: «Іс-әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, кінәлі адамның рөліне, оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланысты ерекше мән-жайлар және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сол сияқты топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдескен кезде» [4] қолданылу мүмкіндігіне ие.

Нәтижелер

Конституциялық, яғни жалпықұқықтық және салалық қағидаттарды түсінудің, ғылыми шешімдерді және сотпен түрлі арнайы ережелерді үйлестіре отырып, қылмыстық жазаны тағайындаудың сот практикасын айыпталушының пайдасына шешудің негізінде жауаптылықты жеңілдету және ауырлату үшін арнайы маңызды ережелерді қолданудың жалпы ережелері қалыптасады: «Жазаның мақсаты қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды барынша үнемдеу, яғни қылмыстық заңның ең төменгі ықтимал құралдары арқылы қол жеткізілуі тиіс» [9, 150 б.]:

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сай, сот санкция шегінде (санкцияда көрсетілген жаза түрлері, жаза мөлшері, шегінде) және санкциядан тыс (ҚК-тің Жалпы бөлімінде ережелерге сай, санкцияда көрсетілмеген жаза түрлері, мөлшерінде жеңілдету) көзделген жазадан гөрі келесідей неғұрлым жеңіл түрін тағайындау мүмкін:

- ҚК-тің 55-бабының 4,6-бөліктерімен шарттары сақталған ретте - ең төменгі шектен төмен жаза тағайындалады.

- ҚР ҚК-нің Жалпы бөлігіндегі ереже бойынша норманың санкциясымен қаралған жаза

түрлерінің бірін қолдану мүмкін болмаса - *бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрі тағайындалады* (ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысына сай).

- *Міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбабайды*. Ол үшін санкцияда қосымша жаза көрсетілуі тиіс, сондай-ақ ол міндетті болуы шарт. Демек, санкцияда қосымша жаза қарастырылмаса, бұл шараны қолдану мүмкін емес.

- санкцияда бас бостандығынан айырудан гөрі онша қатаң емес жазаның негізгі түрі көзделген болса, кінәлі адам мүлктік залалды өз еркімен өтеп, моральдық және өзге зиянды қалпына келтірсе, онда бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмауы тиіс (ҚК 55-бабының 1-бөлігіне сай) [4].

Байқап отырғанымыздай, заң шығарушы жеңілдететін мән-жайлар мен ерекше мән-жайларды қылмыстық нормада дара ұғымдар деп қарап, соңғысының маңыздылығын ашуға тырысқанымен де, нәтижесінде теңдей дәрежеде бағалайды (ҚК-тің 55-бабының 2,3,6-бөлігінде), яғни *көзделген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындау* мүмкіндігін сотқа береді.

Алайда, ҚК-тің тиісті бабының санкциясы шегінде ғана жеңілдету жеңілдететін мән-жайлар бойынша жаза тағайындаудың көрінісі. Ал, белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындауда санкциядан тыс жеңілдіктерге жол берілуі тиіс.

Қорытынды

Ерекше мән-жайлардың жазаға ықпал ету мүмкіндігі жеңілдететін мән-жайлардан айрықша. «Ерекше мән-жайлар» ұғымы мазмұны жағынан «жазаны жеңілдететін мән-жайлармен» сәйкес келмейді. Ал, іс бойынша ерекше мән-жайлардың болуы кінәлі адамның жасаған қылмыстық іс-әрекетінің қоғамдық қауіптілік деңгейін едәуір төмендетеді. Жеңілдететін мән-жайлар мен ерекше мән-жайлар жазаны бірдей дәрежеде жеңілдетуге ықпал ете алмайды. Сондықтан, жеңілдететін мән-жайлар - жазаны санкция шегінде, ал ерекше мән-жайлар - санкциядан тыс жазаны жеңілдетуге мүмкіндік бергені жөн.

ҚК-тің 55-бабының 2-бөлігіне сай, қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде жазаның жоғары шегінің жартысынан аспауы тиіс [4] деп көрсетілген. Сәйкесінше, ҚК-тің Ерекше бөлігіндегі кейбір нормалардың санкциясында қарастырылған жазаның (бас бостандығынан айыру) төменгі шегі айтылғандай жоғарғы шектің жартысынан аз болған ретте құқық қолдану іс-тәжірибесінде төменгі шектен төмен жаза белгілеу мүмкін бола бермейді. Аталған норма *ең төменгі шектен төмен жаза тағайындау* шарасын қамтамасыз ете алмағандықтан, толыққанда қайта қарауды қажет етеді.

ҚР ҚК-нің 55-бабында көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл түрін тағайындаудың екі түрін қарастырады: 1) санкцияда көрсетілген жаза түрлері, жаза мөлшері, шегінде; 2) санкциядан тыс, яғни санкцияда көрсетілмеген жаза түрлері, мөлшерінде жеңілдету (ҚК-тің Жалпы бөлімінде ережелерге сай).

Алғашқысында: Міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбау санкцияда қарастырылған жаза түрлері мен мөлшері деңгейінде ғана жазаны жеңілдете алады. Сонымен қатар, ҚК-тің 55-бабының 1-бөлігіне көрсетілген жағдайлар да санкция шегінде жеңілдетіледі.

Санкциядан тыс: жаза екі жолмен жеңілдетіледі: 1) жаза санкцияда *белгіленген шектен (мөлшер) төмен*, бірақ ҚК-тің Жалпы бөліміндегі жаза түрінің ең төменгі мөлшерінен төмен емес жаза; 2) не санкцияда көрсетілмеген ҚК-тің 40 немесе 81-бабындағы *жеңіл жаза түрін (алмастыру) белгілеу*.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Степашин В.М. Экономия репрессии как принцип уголовного права и его реализация в назначении мер уголовной ответственности: автореф. ... доктора юридических наук / В.М. Степашин. - Омск, 2019.- 39 с.*

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылғы 16 шілде № 167-І (2014.10.06 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Кодексімен. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_ (жүгіну мерзімі: 12.07.2022)
3. Биебаева А.Ә. Заңда көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындауды құқықтық реттеу: дәстүр және жаңа ұстанымдар / А.Ә. Биебаева // *Право и государство.* - 2016. - № 4 (73). - С.97-101.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ (16.12.2020 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).-[Электрондық ресурс].-Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>. (жүгіну мерзімі: 12.07.2022)
5. Арапиди С.Г. Назначение наказания при наличии смягчающих обстоятельств: законодательная регламентация и проблема индивидуализации: автореф. ... кандидата юридических наук / С.Г.Арапиди.-М., 2005.- 25 с.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.- [Электрондық ресурс].-Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгіну мерзімі: 12.07.2022)
7. «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі №1 Нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысымен. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000001S_/history(жүгіну мерзімі: 12.07.2022)
8. Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы.- [Электрондық ресурс].-Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S> (жүгіну мерзімі: 12.07.2022)
9. Розенко С.В., Девицына В.А. Проблемы назначения уголовного наказания при наличии обстоятельств, смягчающих наказание / С.В. Розенко, В.А. Девицына // *Вестник Югорского Государственного университета.* - 2017. - Выпуск 1 (44).-С. 109-112.
10. Донец С.П., Герасимова Е.В., Петрова И.А. Назначение наказания в уголовном праве: учебное пособие./ С.П. Донец, Е.В. Герасимова, И.А. Петрова - Вологда: Фонд развития филиала МГЮА имени О.Е. Кутафина, 2019. – 184 с.
11. Куковякин А.Е. Исключительные обстоятельства как основание смягчения наказания: дис. ... канд. юридические наук: 12.00.08 / А. Куковякин. – Омск, 2018.- 182 с.
12. Обстоятельства, смягчающие уголовное наказание [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/> Дата обращения: 11.01.2021.
13. Уголовный кодекс Японии.-СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2002. - 226с.; https://www.studmed.ru/ugolovnyu-kodeks-yaponii_9c6db600f87.html// Дата обращения: 20.10.2021.
14. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года №275-3. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=1977.
15. Брайнин Я.М. Принципы применения наказания по советскому уголовному праву / Я.М. Брайнин // *Научные записки Киевского государственного университета им. Т.Г. Шевченко.* 1953.-Т.ХІІ. Вып. 1.- С.75-81.
16. Шидловский А.В. Смягчающие ответственность обстоятельства в законе и в судебной практике / А.В.Шидловский [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://law.bsu.by/pub/30/Shidlovsky_7.pdf
17. Орлов В.С. Назначение наказания ниже низшего предела, указанного в законе // *Применение наказания по советскому уголовному праву / В.С. Орлов.*-М.: Изд-во Моск. ун-та, 1958.- 450 с.

18. Соловьев А.Д. Вопросы применения наказания по советскому уголовному праву / А.Д.Соловьев - М.: Госюриздат, 1958.-204 с.

19. Додонов В.Н. Сравнительное уголовное право. Общая часть / под общ. ред. С.П. Щербы. - М.: Юрлитинформ, 2009. - 448 с.

20. Уголовный кодекс Китайской Народной Республики / Под ред. докт. юрид. наук, проф А.И. Коробеева, перев. с китайского Д.В. Вичикова. -СПб.: Издательство: «Юридический центр Пресс», 2001 // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: file:///C:/Users/User/Downloads/ugolovnyi_kodeks_kitaiskoi_narodnoi_respubliki.pdf/ Дата обращения: 15.08.2021.

21. Уголовный кодекс Республики Болгария / Науч. ред. канд. юрид. наук, проф А.И.Лукашова. Перевод с болгарского Д.В. Милушева, А.И. Лукашова, вступ. статья И.И.Айдарова – СПб: Издательство «Юридический центр Пресс», 2001 // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://www.twirpx.com/file/238711/grant/> Дата обращения: 15.08.2021.